

КОПИЯ

КӨШІРМЕДЕН КӨШІРМЕСІ

КОПИЯ С КОПИИ

КӨШІРМЕДЕН КӨШІРМЕСІ

КОПИЯ С КОПИИ

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Астана қаласының Әділет  
департаменті

Жарғыға (күршілік № 19232-1901-14)  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУДАРМЕН ТІРКЕЛДІ  
2007 жыл 07.02

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің  
2007 жылғы 05 қаңтардағы  
№ 42 БҰЛЫРЫМЫН  
БЕКІТІМІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

ЗАРДЫ ТУЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

№ 08 / 23 / 12 күнтізбесі

SCN 050540004455

2007 жылғы 15.01

ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУДАРМЕН ЖАРАМДЫ

**«Ақпараттық-есептеу орталығы»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

2009 жылғы 09.07

ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУДАРМЕН ЖАРАМДЫ

Астана қ., 2007 ж.

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

АРҒЫ ЖАҒЫНА  
ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

АРҒЫ ЖАҒЫНА  
ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі -- Қоғам) осы Жарғысы оның орналасқан жерін, органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Информационно-учетный центр».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 3) мемлекеттік тілде: «АЕО» АҚ;
- 4) орыс тілінде: АО «ИУЦ».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Республика даңғылы, 29.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта ізденуші және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## 3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік алады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермей. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## 4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

13. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік меншік есебін ұйымдастыру және жүргізу;
- 2) мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету;
- 3) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, енгізу және жаңғырту;
- 4) мемлекетке тиесілі немесе оларға қатысты мемлекеттің мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды нақтылы ұстау;
- 5) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті, оның ішінде брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру;
- 6) жарнамалық, консультациялық қызметтерді көрсету.

14. Қоғам қызметі осы Жарғыда көрсетілген қызмет түрлерімен шектелмейді. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет жүзеге асыруға құқылы.

15. Егер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру және жекелеген іс-қимыл түрлерін жасау үшін лицензия (рұқсат) талап етілсе, онда осы қызмет және іс-қимыл түрлері тиісті лицензия (рұқсат) болған кезде ғана жүзеге асырылады.

## 5. Қоғамның мүлкі мен капиталы

16. Қоғамның мүлкі:

- 1) акционерлер қоғам акцияларын толеуге берген мүліктің;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен құралады.

17. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акциялар орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 6. Қоғамның бағалы қағаздары

18. Қоғам облигациялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, олар шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

## 7. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

19. Қоғамның таза табысы (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндеттемелерді төлегеннен кейін) қоғамның басқаруында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеу бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысын шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

20. Қоғамның жай акциялары бойынша:

- 1) өз капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болғанда;
- 2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

## 8. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

21. Қоғам акционерінің:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебін танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

22. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

23. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## 9. Қоғамның органдары

24. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі қоғамда - сол акционер);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – ішкі аудит қызметі.

25. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, он жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрық шығару;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

9) жылдық қаржылық есепті бекіту;

- 10) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес (халық акционерлік қоғамда он) және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін не бірнеше бөлігін беру арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметін қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлер хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты баспа басылымдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 14) Заңға сәйкес қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту;
- 15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 17) «алтын акцияны» сінгізу және оның күшін жою;
- 18) Заңда және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.
26. Осы Жарғының 25-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.
27. Акционерлердің жалпы жиналысының қалған мәселелер бойынша шешім, қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.
28. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
29. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.
30. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жауапкершілікті қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.
31. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
  - 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
  - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сату және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
  - 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы шешімдер қабылдау;
  - 7) қоғамның облигацияларын және туысды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
  - 8) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

9) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Қоғамның атқарушы органы мен ішкі аудит қызметі лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбесі және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

11) бағалаушы мен аудиторлық ұйым қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін айқындау;

12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

16) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау.

32. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі Заңмен белгіленеді. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелеру Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

33. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

Дауыстардың саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Мына тұлғалар:

1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы отелмеген немесе алынбаған;

3) бұрын осы тұлға басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкроттық консервация, санация, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

35. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

36. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

37. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады).

38. Бюллетеньде:

1) қоғамның толық атауы;

2) отырысты өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;

3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;

4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);

5) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде ресімделеді.

## 10. Қоғамның Басқармасы

39. Қоғам Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, оның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешетін және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауап беретін Қоғамның алқал атқарушы органы болып табылады.

40. Акционердің өкілдері болып табылмайтын Қоғамның өкілдері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады. Атқарушы органның мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғамның осы жарғысымен, сондай-ақ Басқарма мүшесі мен Қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

41. Басқарма:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін дайындайды, Қоғамның акционерлер танысу үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның акционеріне және Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте олардың талабы бойынша келген басқа да құжаттарды береді;

3) Қоғамның штат кестесін бекітеді.

42. Егер Қоғам мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесінің жарамды екеніне даулауға құқылы.

43. Қоғам Басқармасының отырысы қажеттілігіне қарай және Басқарманың келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Қоғам Басқармасының отырысын өткізуге арналған кворум Қоғам Басқармасының мүшелері санының үштен екісін құрайды.

44. Қоғам Басқармасының шешімі ашық дауыс беру арқылы Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қоғам Басқармасы төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Басқарманың шешімі Қоғам қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

45. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өзіне жүктелген функциялардың орындалуына оның алдында жауапкершілік алады.

46. Басқарма төрағасының құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдау;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

4) Қоғамның ұйымдастыру бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді бекіту;

5) кіріс және шығыс сметаларын орындау;

6) жиынтық қаржы жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;

7) статистикалық есепті қалыптастыру;

8) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

9) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу.

47. Қоғам Басқарманың төрағасы:

1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

3) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құжаттарды бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалған тәртіпте Қоғамның мүлкі мен қаржысын иеленеді;

5) Қоғамды басқарудың құрылымын, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, сыйлықақы мәселелерін шешеді;

6) Қоғам қызметкерлерін, Қоғам өкілдіктері мен филиалдарының директорларын (Басқарма мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қызметке қабылдауды, ауыстыруды және қызметтен босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелесу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, Басқармасы мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің жалақыларына дербес үстемеақылардың және Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін анықтайды;

7) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясы мен жауапкершіліктерді бөледі;

9) Заңға және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзырына жатқызылған мәселелерден басқа осы органдардан берілген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

48. Басқарма төрағасы алқалық талқылау және шешімдерді қабылдау үшін Басқарма отырысына оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді енгізуге құқылы.

## 11. Ішкі аудит қызметі

49. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

50. Қоғамның ішкі аудит қызметі кемінде үш адамнан құрылады.

51. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

52. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Ішкі аудит қызметінің негізгі функциясының бірі Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар дайындау болып табылады.

## 12. Қоғамның ақпаратты ашуы

53. Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам өз акционерлеріне қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын баспа басылымы – «Юридическая газета».

54. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.



55. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алатын журналда тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етіліп отырған ақпаратты (талап етілген құжаттарды көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруі міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін ақыны Қоғам белгілейді және о құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығындарды төлеуге кеткен шығындардың құнынан аспауы тиіс.

### 13. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату

56. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

57. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### 14. Қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғалары олардың аффилирленген тұлғалары туралы апаратты қоғамға ұсынуы

58. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтердің негізінде жүргізеді.


59. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты акционерлер мен аффилирленген тұлғалар тұлғаларды аффилирленген деп табуға негіз туындаған (жойылған) күннен бастап не акцияларды сатып алған (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасасқан күннен бастап 7 күннің ішінде береді.

### 15. Қорытынды ережелер

60. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

61. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің  
төрағасы

 Э. Өтепов

УТВЕРЖДЕН  
приказом Комитета  
государственного имущества  
и приватизации Министерства  
финансов Республики Казахстан  
от «23» января 2007 года № 42



**УСТАВ**  
**Акционерного Общества**  
**«Информационно-учетный центр»**

г.Астана, 2007

де  
да  
ың  
уге

ол  
ты

тан  
йта

тан

есе

ген  
тап  
қан)

стан

інен

пов

## **1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Информационно–учетный центр» (далее – Общество) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Ақпараттық-есептеу орталығы» Акционерлік Қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное Общество «Информационно–учетный центр».

3. Сокращенное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «АЕО» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «ИУЦ».

4. Место нахождения исполнительного органа общества: Республика Казахстан, 010000, г.Астана, район Сарыарка, проспект Республики, 29.

## **2. Юридический статус общества**

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

## **3. Ответственность общества и акционеров**

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

11. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

12. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам.

## **4. Основные виды деятельности общества**

13. Основными видами деятельности являются:

- 1) организация и ведение учета государственной собственности;
- 1-1) ведение депозитария финансовой отчетности для организаций публичного интереса;
- 2) информационно-техническое обеспечение государственных органов;
- 3) разработка, внедрение и модернизация программного обеспечения;
- 4) номинальное держание ценных бумаг, принадлежащих государству или в отношении которых государство имеет имущественные права;
